

“ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ЖАСТАРҒА САТЫП АЛУ ҚҰҚЫҒЫНСЫЗ ЖАЛҒА БЕРІЛЕТІН ТҰРҒЫН ҮЙ” БАҒДАРЛАМАСЫ

Бұл жоба Астанада, Алматыда және Шымкентте жүзеге асырылады. Бағдарламаға қатысу үшін осы үш қаланың бірінде ресми тіркелген болу керек.

Қатысатын адамның атында жеке тұрғын үй болмауы керек.

Тұрақты жұмысы болуы керек және жалақысы 100 мың теңгеден жоғары болуға тиіс.

Жалдамалы пәтер бес жылға дейін беріледі.

Қажет құжаттар

- Өтініш берушіге ЭЦҚ кілті.
- Өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің (*жұбайы, балалары*) (бар болса) жеке басын куәландыратын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері.
 - Білімі туралы құжаттың көшірмесі (*жоғары білім туралы диплом, мектеп аттестаты, біліктілігі, арнайы-техникалық білім туралы диплом-қолда бардың бірі*).
 - Неке қию туралы куәліктің көшірмесі (бар болса).
 - Балалардың туу туралы куәлігінің (терінің) көшірмесі (бар болса).
 - Өтініш берушіге және отбасының барлық мүшелеріне (*жұбайы, балалары*) (бар болса) Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама.
 - Жұмыс орнынан анықтама («ММ», «КММ», «РММ», «МКҚК», «РМҚК», «ШЖҚ МКК», «ШЖҚ РМК» меншік нысанындағы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мекеменің фирмалық бланкісінде жұмыс орнынан анықтама ұсынуы тиіс).
 - Өтініш берушінің кемінде 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш (*айына кемінде 138 000 тг.*) мөлшеріндегі ай сайынғы табысын растайтын соңғы 6 (алты) айдағы табыстары туралы анықтама. Егер сіз еңбек демалысында немесе ауруханада болсаңыз, бұл сіздің табысыңыздың төмендеуіне әкеліп соқтырса, қосымша демалыс туралы бұйрық немесе аурухана парағын ұсыну қажет.
 - Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес еңбек өтілін растайтын құжаттар (*еңбек кітапшасы, қызметтік тізім және т.б.*).
 - Жинақ шотының болуы және нөмірі туралы анықтама және ол бойынша ақшаның қалдығы мен қозғалысы туралы үзінді көшірме.
 - Өтініш берушінің түрлі қызмет салаларындағы жеке жетістіктерін растайтын құжаттар (бар болса).

- Жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме (соңғы 6 ай үшін). Зейнетақы аударымдары есептелмейтін әскери қызметшілер жұмыс орнынан табыстары туралы анықтама беруге тиіс.

- Жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың бүкіл кезеңі үшін жеке кәсіпкер ретінде тіркелгені туралы хабарлама (куәлік).

- Жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде жеке кәсіпкер ретіндегі қызметтің соңғы жылындағы кірістер бойынша салық декларациясы.

- Зейнетақы аударымдары есептелмейтін әскери қызметшілер жұмыс орнынан тұрғын үй төлемдерін алмағаныңыз туралы анықтаманы қоса беруі қажет.

- Қолы мен күні бар дербес деректерді жинауға және өңдеуге жұбайының/және (бар болса) келісімінің сканерленген нұсқасы.